



DULATY
UNIVERSITY

КІТАПХАНАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҚ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ



Гидро кешен
6.1 №8 оқу залы



Жаңа гуманитарлық білім
Қазақ тіліндегі



Ройс А. Синглтон
Брюс С. Стрэйтс



ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Ройс Синглтон мен Брюс Стрэйтстің «Әлеуметтік зерттеу әдістері» кітабы – әлеуметтік зерттеудің ғылыми және логикалық негіздерін жан-жақты сипаттайтын оқу құралы. Негізгі тәсілдер мен ғылыми зерттеулердің логикасы арасындағы тепе-теңдікті ескере отырып, бұл кітап зерттеудің төрт тәсілі – эксперимент, сауалнама зерттеуі, далалық зерттеулер және қолда бар деректерді пайдаланудың сипаттамасын ұсынады.



Әлеуметтік жұмыстың контексі мен теорияларын жан-жақты талдап, таразылайтын оқулық «Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы» (Social Work: Contexts and Practice) деп аталады.





ХАЛЫҚ САНЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ДЕМОГРАФИЯҒА КІРІСПЕ



КІШІ ДАДЛИ
Л. ПОСТОН
ЛЕОН
Ф. БУВЬЕ

Бұл кітап демография ғылымының негізгі тұжырымдары мен мәселелерін қамти отырып, демография пәніне жан-жақты кіріспе оқулық ретінде құрастырылған. Мұнда туу, өлім-жітім, көші-қон, нәсіл, халықтың жастық және жыныстық құрамы сияқты өзекті тақырыптар кеңінен қарастырылады.




ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ


САЯСАТТАНУ



ЭНДРЮ ХЕЙВУД

Саяси ғылымға кіріспе бойынша үздік оқулық саналатын Эндрю Хейвудтың «Саясаттануы» «саясат» ұғымы мен құбылысы туралы түсінік және саясаттану жөніндегі қарама-қайшы көзқарастарға сипаттама береді.





ФРЭНСИС БАТЛА

СТЭН МАКЛАН

ТҰТЫНУШЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МЕНЕДЖМЕНТІ

ҰҒЫМДАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Бұл еңбек тұтынушымен қарым-қатынас менеджменті саласын, оған қатысты теориялар мен тұжырымдарды жүйелейді. Кітап тұтынушыларға құндылық жеткізу үшін олармен қарым-қатынас орнатуды негізгі бизнес-стратегия ретінде қарастырып, тұтынушымен қарым-қатынас менеджменті (CRM) ұғымы, оның артықшылықтары, қолданылатын жағдайлары, технологиялары мен стратегияларын түсіндіреді.





Жастин Г. Лонгенекер • Ж. Уилиям Петти
Лесли Е. Палич • Франк Хой




Шағын Бизнестегі МЕНЕДЖМЕНТ

кәсіп бастау және венчурді дамыту

Шағын бизнес – дүниежүзілік экономиканың басты тірегі. Әлемдегі қаражаттың көбі алпауыт компанияларда емес, үй жанындағы шағын дүкендерде, гүл сататын дүңгіршектерде, кішкентай кофеханалар мен тігін шеберханаларында айналып жатыр.



Мемлекеттік қаржы саласын зерттеуге зор үлес қосып, кең танылған қос автор – Харви Ш. Розен мен Тед Гейер бұл еңбегінде «Үкімет ақшаны қалай жұмсайды, кірісті қалай арттырады? Экономикалық саясат жүргізуге кім құқылы?» деген сұрақтарға жауап бере отырып, өз пайымдарын түрлі дәлелдермен негіздейді.





СТРАТЕГИЯЛЫҚ

BRAND

МЕНЕДЖМЕНТ

Ричард Розенбаум-Эллиотт
Саймон Перван
Ларри Перси

Танымал бренд – компанияның ең құнды активтерінің бірі, оны қалыптастыру көп уақыт пен күш-жігерді талап етеді. «Стратегиялық бренд-менеджмент» кітабы бренд туралы негізгі түсініктермен қатар бренд капиталының мәні мен мазмұнын, оның функциялық, эмоциялық қырларын таныстырады және бренд капиталын қалыптастырудың ұтымды әдіс-тәсілдерін ұсынады.





Эндрю Поллард



РЕФЛЕКТИВТІ ОҚЫТУ НЕГІЗДЕРІ



Бұл кітапта мұғалімдердің кәсіби білігін көтеру, соның ішінде мектепте практикалық даярлықтан өту және үздіксіз кәсіби даму әдістері баяндалады.



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

ЖАҢА ГУМАНИТАРҒЫҚ ӨЛШ.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
100 ЖАҢА ОҚУЫҚ

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

ДЖЕЙМС Э. АНДЕРСОН

Мемлекеттік саясаттың негіздеріне арналған бұл еңбек саясат қалыптастыру және заң дайындау процесіне ден қояды. Кітапта мәселені анықтауға, күн тәртібін белгілеу мен мемлекеттік саясатты қалыптастыруға түрлі факторлардың қалай әсер ететіні сараланады. Әр тарауда негізгі ұғымдар мен идеялар қарастырылып, олардың қалай қолданылатыны нақты мысалдар негізінде талданған.



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

Рэй Феллс

НӘТИЖЕЛІ КЕЛІССӨЗ


АЛҒЫШАРТТАР МЕН АМАЛДАР



Келіссөз теориясы мен тәжірибесіне тың көзқарас ұсынатын бұл кітап келіссөздің негізгі элементтері – өзара түсіністік, сенім, үстемдік ету және этиканы жан-жақты талдайды.



Америкалық танымал ғалым Томас П. Касулистің бұл еңбегінде жапон философиясының ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі тарихы хронологиялық ретпен баяндалған. Автор жапон философтарын, олардың еңбектері мен теорияларын әр дәуірдің өзіндік ерекшеліктеріне және түсініктерімен ұғымдарына сипаттама бере отырып таныстырады.





М.Хаммерсли мен
П.Аткинсонның
«Этнография: зерттеу
принциптері» кітабы –
этнография саласындағы тың
тақырыптарды зерделеу
арқылы ғылымның дамуына
зор үлес қосқан, ондаған
жылға созылған еңбектің
жемісі.



Routledge баспасының әйгілі «Әлемдік философия» сериясы аясында жарық көрген «Үнді философиясының тарихы» – кейінгі үш мың жыл ішінде үнді ой мектептерінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан түрлі ағымдар мен ғұлама ойшылдар жөнінде жан-жақты мәлімет беретін халықаралық зерттеу жинағы.



Он үш тілге аударылып,
тоқсанға тарта елге таралған
«Көшбасшылық: теория және
практика» оқулығы
көшбасшылық теорияларын
кәсіби және ғылыми тұрғыдан
терең талдап, оларды нақты
ситуацияларда қалай
қолдануға болатынын
зерделейді.



ҰЛТТЫҢ ЭТНОСТЫҚ ТАМЫРЫ

Энтони Д. Смит

«Ұлттың этностық тамыры» — халықтар мен этностар тақырыбында жазылған халықаралық деңгейдегі зерттеулердің іргетасына айналған ғылыми еңбек. Кітапта халықтардың шығу тегі мен ыдырауы, аман қалуы мен қазіргі заман көшіне ілесуінің түпкі себептері жан-жақты зерттелген.





РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
100 ЖАҢА СӨЙЛІК



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Бертран Рассел

Б. Рассел – XX ғасырдағы аса көрнекті ойшылдардың бірі, философ, математик, тарихшы және Нобель сыйлығын иеленген жазушы. Оның Еуропа ой-дүниесінің ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі дамуын зерделеген «Батыс философиясының тарихы» атты кітабы – әлемнің көптеген тілдеріне аударылған танымал еңбек.




Ислам

ФИЛОСОФИЯСЫ
ОКСФОРД ОҚУЛЫҒЫ

Халид әл-Руайхед
Сабина Шмидтке

Халид әл-Руайхед пен Сабина Шмидткенің жетекшілігімен құрастырылған «Ислам философиясы: Оксфорд оқулығында» IX–XX ғасырлар аралығындағы ислам философиясының көрнекті өкілдерінің зерттеу мәселелері, адамзат ақыл-ойына қосқан үлесі сараланған.





ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ
100 ЖАҢА ОҚИҒАН

Фың Юлән

ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ



Аталмыш еңбек XX ғасырдағы Қытайдың көрнекті ғалымдарының бірі Фың Юләннің қаламынан туған. Кітапта екі мыңжылдық дәстүр және модерн дәуіріне дейінгі Қытай философиясы жүйелі түрде әрі ұғынықты тілде топтастырылған. Еңбекте оқырманға таныс Конфуций, Лао-цзы, Мо-цзы, Мэн-цзыдан өзге де қытай философтары және философиялық мектептер туралы сөз болады. Сондай-ақ Қытай философиясы мен Батыс философиясы арасындағы айырмашылықтар мен ерекшеліктер де назардан тыс қалмаған.



КЛАССИКАЛЫҚ АРАБ ФИЛОСОФИЯСЫ АНТОЛОГИЯ



құрастырушылар
Джон МакГиннис | Дэвид С. Райсман

Бұл кітап ортағасырлық шығыс философиясының әлем, болмыс, құдай, ақыл, жауһар (субстанция), араз (акциденция) сияқты және басқа да тақырыптар төңірегінде өрбиді. Жинаққа әл-Фараби, әл-Кинди, Ибн Сина, әр-Рази, әл-Ғазали т.б. ғұламалардың еңбектері іріктеліп алынған. Қолыңыздағы басылым аясында бұл еңбектер қазақ тіліне тұңғыш рет аударылды.



Ф И Л О С О Ф И Я С Ы

к і р і с п е



Ричард Элдридж

«Өнер философиясы. Кіріспе» — өнер табиғаты мен құндылығының философиялық теорияларының анықта ықшам шолуы. Ол өнерді, кескіндемені, мүсін өнерін, музыканы, биді, сәулет өнерін, киноны, концептуал өнерді және перформансты қамтиды.